20367973920

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 22 қыркүйек №4712-23-00-2/2698 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"TEN" мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Ақтау қаласы)" мемлекеттік мекемесі жауапкер "TEN" мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талабы–қанағаттандырылсын.

"TEN" мүгедектер қоғамдық бірлестігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"TEN" мүгедектер қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 53 790 (елу үш мың жеті жүз тоқсан) теңге айыппұл және 3 339 (үш мың үш жүз отыз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 27.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.11.2023, судья Борашева А. А., 08.11.2023

4712-23-3-1/2715